**Бұйрық №47**

26.12.2018жыл Ескіқорған ауылы

**«Балабақшада қамқоршылық кеңес құру туралы»**

Аудандық білім бөлімі басшысының 23.11.2018 жыл №264 санды шығыс хатын негізге ала отырып бұйырамын:

1 **jumys.sitcen.kz** сайты көмегімен қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды қолдау мақсатында балабақшада қамқоршылық кеңесі құрылсын
2 Кеңес мүшелері мен төрағалығы мекеме қызметкерлерінен тыс жеке тұлғалардың қатысуымен түзілсін
3 Кеңестің жұмысын жүргізу, жұмыс нәтижесін бақылау мен қадағалау қамқоршылық кеңестің төраға немесе төрайымына жүктелсін

«Інжу-2017» б\б

меңгерушісі: М.Кеделбаева

Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округі Ескіқорған ауылы ЖШС «Інжу-2017» бөбекжай балабақшасында өткізілген жалпы ата-аналардың қатысуымен мекемеде қамқоршылық кеңес құру туралы мәселені қарау жиналысы

Хаттамасы №01

26.12.2018жыл
Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1 Қамқоршылық кеңестің жұмысы мен оған мүше болу туралы

2 Кеңестің төрағасын сайлау

3 Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау

Тыңдалды:

«Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі М.Кеделбаева өзі басқарып отырған мекемеде қамқоршылық кеңестің қажеттілігін айта отырып кеңес жұмысымен таныстырды. Қоғамдық жұмысқа мекеме қызметкерлерінен тыс жұмыс жүргізе алатын, маман саралауға атсалысатын, жан-жақты білімді тұлғалардан кеңес мүшелерін сайлау жөнінде ұсыныс айтылды. Ата-аналардың келісе отырып дауысқа салуымен мекемедегі қамқоршылық кеңес төмендегіше құрылды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы - Э.Қосақов- «ҚазТрансГаз» қызметкері
Мүшелері : Г. Қосақова- «Бозсу» ФАП медбикесі
Б.Юсупов - №94 «Ленин»ж.о.м.кіші қызметкері
З. Шамсиева - №89 бастауыш мектеп мұғалімі
А. Алимкулова - үй бикесі
П. Ашабаева - №94 «Ленин»ж.о.м мұғалімі
Ұ.Оразова – Ескіқорған ФАП медбикесі
Қ.Нышанбаева – зейнеткер
З.Қалтаева - №89 бастауыш мектеп мұғалімі

Кеңес төрағасына сайланған Э.Қосақов Қазақстан Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен, яғни «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру

және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен» кеңес мүшелерін таныстырды.

Жиналыс қаулы етеді:

1 ЖШС «Інжу-2017»бөбекжай-балабақшасы жанынан ашық дауысқа салу арқылы сайланған қамқоршылық кеңес өз жұмысын бастасын

2 Ашық дауыспен төрағалыққа Э.Қосақов сайлансын

3 Кеңес жұмысының хатшылық қызметін бақша әдіскері З.Қыдырова жүргізсін.

Жиналыс төрайымы: М.Кеделбаева

Келес аудандық
білім,денешынықтыру және
спорт бөлімінің басшысы Б.С.Абдиевке
ЖШС «Інжу-2017»бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі М.Кеделбаевадан

Өтініш

Менің өтініш беру себебім төмендегіше, мен басқарып отырған ЖШС «Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелерін бекітіп беруіңізді өтінемін.

(Кеңес мүшелерінің тізімі өтініш хатқа қоса тігілген).

ЖШС «Інжу-2017» б\б
меңгерушісі: М.Кеделбаева

Келісемін Бекітемін

ЖШС «Інжу-2017»бөбекжай Келес аудандық білім балабақшасының меңгерушісі денешынықтыру және спорт М.Кеделбаева бөлімінің басшысы Б.Абдиев

ЖШС «Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңес мүшелері

| № | Аты - жөні | Кеңестегі қызметі | Байланыс номері | Мекен жайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қосақов Элдар | Төраға | 8 771 696 80 86 | Ескіқорған |
| 2 | Юсупов Бақытжан | Мүшесі | 8 705 885 28 87 | Ескіқорған |
| 3 | Шамсиева Зулфия | Мүшесі | 8 705 691 55 01 | Ескіқорған |
| 4 | Алимкулова Айсұлу | Мүшесі | 8 775 945 13 03 | Бозсу |
| 5 | Ашабаева Перизат | Мүшесі | 8 775 846 08 86 | Ескіқорған |
| 6 | Қосақова Гулноза | Мүшесі | 8 775 557 55 30 | Ескіқорған |
| 7 | Оразова Ұлжан | Мүшесі | 8 702 117 53 93 | Бозсу |
| 8 | Нышанбаева Құрбангүл | Мүшесі | 8 705 246 42 88 | Бозсу |
| 9 | Қалтаева Зарифа | Мүшесі | 8 705 360 50 77 | Ескіқорған |
| 10 | Қыдырова Зағира | Хатшы | 8 702 504 43 23 | Бозсу |

Кеңес төрағасы: Э.Қосақов

Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округі Ескіқорған ауылы ЖШС «Інжу-2017» бөбекжай- балабақшасында қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткізілген балабақшаға уақытша маман қабылдауды қарау жиналысы

Хаттамасы №02

15.02.2019жыл
Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1 Декретке кеткен тәрбиешінің орнына уақытша тәрбиеші қабылдау туралы

Тыңдалды:

«Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі М.Кеделбаева өзі басқарып отырған мекемеде уақытша 1(бір) бос орын бар екендігін және аудандық жұмыспен қамту бөліміне сұраныс жібергендігін айтып өтті.

Жұмыспен қамту бөліміне жұмыссыз ретінде тіркелген Ескіқорған ауылының тұрғыны Г.Абуталипова қамқоршылық кеңес төрағасы Э.Қосақовқа өз мамандығының сәйкес келетіндегін айтып бос орынға қабылдауды қарау жөнінде өтініш білдірген. «-Маман жоғары білімді, құжаттарын көрдім, мамандығы сәйкес келеді. Егер жұмыспен қамту бөлімі жолдама берген жағдайда бос орынға уақытша қабылдауды ұсынамын, егер сіздер келіскен жағдайда тиісті орынға кеңес тарапынан ұсыныс айтамыз. Себебі, бізге тұрғылықты маман керек, кез-келген жұмыс іздеушіні бізге жібергенмен ол келе қоймасы анық» Төрағаның сөзіне барлық мүше бірауыздан келісті.

Жиналыс қаулы етеді:

1 Аудандық жұмыспен қамту бөліміне қамқоршылық кеңес тарапынан ұсыныс берілсін

2 Жолдамамен келген жағдайда Г.Абуталипова жұмысқа қабылдансын

Жиналыс төрағасы: Э.Қосақов

Хатшы: З.Қыдырова

Келісемін Бекітемін

ЖШС «Інжу-2017»бөбекжай Келес ауданының адами балабақшасының меңгерушісі әлеуетті дамыту З.Қыдырова бөлімінің басшысы Б.Абдиев

ЖШС «Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңес мүшелері

| № | Аты - жөні | Кеңестегі қызметі | Байланыс номері | Мекен жайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қосақов Элдар | Төрағa | 8 771 696 80 86 | Ескіқорған |
| 2 | Юсупов Бақытжан | Мүшесі | 8 705 885 28 87 | Ескіқорған |
| 3 | Шамсиева Зулфия | Мүшесі | 8 705 691 55 01 | Ескіқорған |
| 4 | Алимкулова Айсұлу | Мүшесі | 8 775 945 13 03 | Бозсу |
| 5 | Ашабаева Перизат | Мүшесі | 8 775 846 08 86 | Ескіқорған |
| 6 | Қосақова Гулноза | Мүшесі | 8 775 557 55 30 | Ескіқорған |
| 7 | Оразова Ұлжан | Мүшесі | 8 702 117 53 93 | Бозсу |
| 8 | Нышанбаева Құрбангүл | Мүшесі | 8 705 246 42 88 | Бозсу |
| 9 | Қалтаева Зарифа | Мүшесі | 8 705 360 50 77 | Ескіқорған |
| 10 | Бауанова Жұмагүл | Хатшы | 8 778 629 48 46 | Ескіқорған |

Кеңес төрағасы: Э.Қосақов

Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округі Ескіқорған ауылы ЖШС «Інжу-2017» бөбекжай- балабақшасында қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткізілген кеңес отырысының

Хаттамасы №01

14.09.2022жыл
Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1 Мектепке дейінгі мекемеге топ қосу мәселесін құзырлы орындарға ұсыну туралы

Тыңдалды:

Балабақша жанынан құрылған қамқоршылық кеңес төрағасы Э.Қосақов ата-аналар тарапынан айтылып жатқан балабақшада орын жетіспейтіндігі туралы мәселені алға тартты. «- Халық саны расында артып келеді, жас отбасылар осы өңірде әсіресе жұмыссыз болғандықтан күндік жұмысқа шығады. Балаларға да қарау керек, бақшаға берейін десе орын жоқ. Әңгіме тек қарауда емес, білім саласындағы өзгерістерді көріп отырсыздар, бала мектепке бақшадағы білімнен өтіп бармаса қиын болып тұрған жайы бар. Құрметті кеңес мүшелері, ЖШС «Інжу-2017» балабақшасы бес жылға аяқ басып барады, 40 баламен жұмыс жасап келе жатыр.Егер балабақшаның оқу базасы жетерлік болса «Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасына тағы екі топ 60 (алпыс) орын қосу ауданнан сұралсын»

«Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасының құрылтайшысы К.Турматова балабақша базасы үшін жаңа ғимарат құрылысының аяқталғындығын, құжаттамалары реттелгенін мәлімдеп Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне сұраныс берілгендігін айтып өтті.

Қаулы етеді:

1 Аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қамқоршылық кеңес отырысының қаулысымен топ қосу жөніндегі ұсыныс берілсін

Жиналыс төрағасы: Э.Қосақов

Хатшы: Ж.Бауанова

Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округі Ескіқорған ауылы ЖШС «Інжу-2017» бөбекжай- балабақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №01

12.09.2022жыл
Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1 Мектепке дейінгі мекемеге топ қосу мәселесін құзырлы орындарға ұсыну туралы

Тыңдалды:

Балабақшаның «Көгершін» ортаңғы тобы ата-аналар комитетінің төрайымы С.Сулейменова балабақшада орын жетіспейтіндігі туралы мәселені алға тартты. «Бізге осы жақын жердегі бақша қолайлы, бірақ орын жетіспейді, мысалы бір- бір баламызды ғана беріп отырмыз, кейбірімізде үштен, тіпті төрттен бақша жасындағы бала бар. Оның біреуі ғана бақшаға барса қалғанын не істеу керек? Күн жылынғалы үйдегі балаларымызды бақшаға алуын өтініп келіп жатырмыз, бірақ орын жоқ, бала сыймайды.Біз балаларымыздың өз уақытында тәрбие мен білім алуын қалаймыз. Бұл біріншіден. Ал, екінші, бұл аймақ диханшылықпен күнелтетін ауыл негізі. Көпшілік жұмыссыз, күнделікті жұмысқа шығуға мәжбүрміз. Құр қол қарап отырғанша еңбек етсек отбасымызға табыс, бірақ балаларды қайтеміз? Менің айтайын дегенім, осы жердегі барлық ата-ана бар баласын бақшаға бергісі келеді. Сондықтан бізге бақшаға бір емес бірнеше топ қосылуы керек, сонда біраз бала қамтылар еді» - деді ол өз сөзінде.

«- Халық саны расында артып келеді, жас отбасылар осы өңірде әсіресе жұмыссыз болғандықтан күндік жұмысқа шығады.- деді көпбалалы ана С.Қосақова. - Балаларға да қарау керек, ақша да керек,бақшаға берейін десе орын жоқ.  Әңгіме тек қарауда емес, білім саласындағы өзгерістерді көріп отырсыздар, бала мектепке бақшадағы білімнен өтіп бармаса қиын болып тұрған жайы бар.  Егер балабақшаның оқу базасы жетерлік болса «Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасына  тағы бірнеше топ қосса қалай болар екен?»

«Інжу-2017» бөбекжай-балабақшасының   құрылтайшысы К.Турматова балабақша базасы жетіспейтіндігін,  осы жылы 40 орыннан басқа тағы 100 балаға лайықталған ғимарат құрылысының аяқталып, іске қосуға дайын екендігін  айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі З.Қыдырова : « - Ұсыныстарыңыз өте орынды, біз 40 баламен жұмыс жасап осы өңірдегі мектеп жасына дейінгі балаларды түгел қамти алмай отырғанымыз рас.Кезекте тұрған балалар саны баршылық. Егер топ қосылып жатса жас шамасына қарай топтарға бөліп білім беру бізге де тиімді болар еді»

Қаулы етеді:

1 Аудандық  адами әлеуетті дамыту бөліміне   жалпы ата-аналар жиналысының қаулысымен топ қосу жөніндегі  ұсыныс берілсін

Жиналыс   төрайымы: З.Қыдырова

Хатшы: Ж.Бауанова